



ТӘДБІИ ТҮЫ



№25 (8785) Сейсенбі, 1 шілде 2025 жыл.

Біздің веб-сайт: <http://www.tolebituy.kz/>

Электронды почта: tolebi_tuy@mail.ru

Түркістан облысының журналистері кәсіби мерекесін 27 маусымда Қасқасудағы «EcoVillage» демалыс орнында атап өтті. Табиғат аясындағы еркін форматтағы кездесу

«АМАНАТ» партиясы облыстық филиалының төрағасы Алтынсары Үмбетәлиев жылы лебіздерін білдіріп, саланың дамуына сүбелі үлес қосып жүрген қаламгерлерді марапаттады.

Төлебилік журналистердің мерейі асқақтады



Бұл күні төлебилік журналистердің мерейі асқақтап, «Төлеби туы» газетінің 65 жылдан бергі штаттан тыс тілшісі, ардагер ұстаз Көшкінбай Елікбаевқа «Қазақстанның Құрметті журналисі» атағы беріліп, еңбек жолын осы аудандық газетте бастаған тәжірибелі тілші Серікқали Жексенбаевқа (суретте) «Құрмет» ордені табысталды.

Кеш барысында әріптестер бір-бірімен еркін пікір алмасып, естеліктермен бөлісті. Ән мен би, әңгіме мен әзіл – барлығы осы кездесуді шынайы мере-
ы.

ерекше көңіл күй сыйлап, әріптестерге шабыт берді.

Іс-шарада облыс әкімі Нұралхан Көшеров, ҚР Журналистер одағының Түркістан облыстық филиалының төрағасы Мәлік Әлмахан және

кеге айналдырды.

Бір сәт тынығып, таза ауада сергіп, қызметіне жаңа шабытпен оралған әріптестерімізге алдағы жұмыстарына сәттілік тілейміз!

«Төлеби-ақпарат».

**Төлеби ауданы Киелітас, Көксәйек,
Қасқасу ауылдық округтері әкімдері
лауазымына кандидаттардың
таңдаушылармен кездесу КЕСТЕСІ**

№	Ауылдық округ атауы	Кездесу орны	Күні, айы, жылы	Уақыты
1	Киелітас	№16 Ш.Уәлиханов атындағы ЖОМ мәжіліс залы	09.07.2025	11:00
2	Көксәйек	Түркістан көпсалалы колледжінің мәжіліс залы	09.07.2025	11:00
3	Қасқасу	Қасқасу ауылдық мәдениет үйі	09.07.2025	11:00

**Түркістан облысы Төлеби ауданы Киелітас ауылдық округінің
әкімі лауазымына кандидатты**

ТІРКЕУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

(Сайлау 2025 жылғы 13 шілде күні болады)

2025 жылғы 26 маусымдағы сағат 21.00-дегі жағдай бойынша

№ p/c	Аты, әкесінің аты, тегі	Туған жылы	Атқаратын лауазымы, жұмыс орны мен тұрғылықты жері	Кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну
КИЕЛІТАС АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ				
1.	Мауленов Жангали Сатыбалдыұлы	1981	Директордың шаруашылық жұмыс жөніндегі орынбасары, «Телеби спорт клубы» КММ, Ленгiр қаласы	өзін-өзі ұсыну

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы

Е.ТЛЕУБЕРДИЕВ.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы

Н. БЕГЛАШ.

29 маусым күнгі Түркістан облысы Төлеби ауданы Аққұм және Тасарық ауылдық округтері әкімдерін сайлау нәтижелері туралы ақпарат

Сайлау округінің атауы (ауылдық округ)	Округ бойынша сайлаушылардың жалпы саны	Сайлау бюллетеньдерін алған сайлаушылардың саны	Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың саны		Кандидаттың аты, әкесінің аты, тегі	Қолдап берілген дауыс саны		Сайланған кандидаттың аты, әкесінің аты тегі	Кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну
			абсолюттік цифр	%		абсолюттік цифр	%		
Аққұм а/о	2760	1659	1659	60,1	Таменов Кайрат Каумбекулы	906	56,0	ТАМЕНОВ Кайрат Каумбекулы	өзін-өзі ұсынды
					Жамалбеков Қуаныш Кумекбайұлы	436	27,0		
					Салыбеков Нурлан Есимханович	275	17,0		
Тасарық а/о	2668	1641	1641	61,5	Алтынбеков Бактыбек Сейтханович	958	59,2	АЛТЫНБЕКОВ Бактыбек Сейтханович	өзін-өзі ұсынды
					Тастанов Айдар Муталиұлы	481	29,7		
					Калтаев Нурлан Турарович	180	11,1		

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы

Е.ТЛЕУБЕРДИЕВ.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы

Н. БЕГЛАШ.

«...Жол-көлік инфрақұрылымын жақсарту және интеллектуалдық жүйені енгізу арқылы жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады. Бұл – жергілікті ғана емес, республикалық жолдарға да қатысты мәселе...»

...Жүргізушілерді даярлау деңгейінің де төмендеп кеткені жасырын емес. Жүргізуші куәлігін арнайы оқымай-ақ алатын жайттар бар. Үкімет, әкімдер, ішкі істер министрлігі батыл қадам жасауы керек. Депутаттар бұл мәселені назарда ұстауы тиіс...»

(Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Жолдауынан).

Қуанарлығы, жыл санап халқымыздың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы жақсарғанның үстіне жақсарып келеді. Бүгінде көйлегіміз көк, қарнымыз тоқ дегендей, той тойлап жүріп жатқан жағдайымыз бар. Бұрындары ше?

Бұрында біздің бала кезімізде жалаңаяқ, топырақ жолды шандатып ауылда өстік. Сол топырақ жолдар көктемнің, жаздың жаңбырлы кездерінде ми батпаққа айналатын. Мінетін көлігіміз ат пен есек болатын. Ат арба дегеніңіз ілуде бір үйде ғана ұшырасатын. Бадам өзені ауыл іргесінен ағып өтіп жатса да, сол Бадамның тасы топырақ жолға төселмейтін.

Мектептен соң жоғары оқу орнын бітіріп, ауылға оралғанда да жаз айларында тобықтан асатын топырақты кешіп жүрдік. Бадамның тасы негізгі жолдарға жайылып, асфальт төселгендей болды. Қатарластарымыздың бірі көрші ауылдың қызына ғашық болып қалып, екеуі уәде байласып, алып қашатын болдық. Көкелеріміз жеңгелерімізді атпен алып қашып келгенін көргенбіз. Ауылдағы әр үйдің көкпарға салатын кісінеп тұрған айғыры бар, бірақ атпен қыз алып қашу біз үшін біртүрлі ыңғайсыздау әрі «модадан» шығып қалған еді. Содан не керек, бүкіл ауылдан қыз алып қашатын бір жеңіл көлік таппадық. Осылайша не істерімізді білмей отырғанымызда, «гурзовойын» гүрілдетіп бір ағамыз келіп қалды. Бәріміз қаумалап «осылай да осылай» деп ортаға алдық.

– Әй, қызталақтар, қыз келісті ме, шопыр болып, машина айдап, үй болып, енді адам бола бастағанымда, сендермен қосылып қыз алып қашып, қараптан қарап жүріп сотталып кетпейін, – деді Бейсекең ағамыз.

– Сотталмаймыз, жүріңіз, уәде бойынша қыз бүгін кешке күтеді, сол ауылдағы Гүлбан әпкеміз үйінен өзі алып шығады, – дедік.

– Гүлбан алып шыға ма? Онда мейлі, мені көндірдіңдер, кеттік, – деді.

Тәртіп болмаған жерде, келеңсіздік те, өкініш те көп

Көрші ауылға әлгі жүк көлігімен түнделетіп бардық. Алдын-ала келісілгендей, әпкеміз көп кешіктірмей қызды жетектеп алып келіп жүк көлігінің кабинасына, «күйеу баланың» жанына отырғызды. Біз төрт-бесеуіміз машинаның қорабындамыз. Жолымыз болғанына қуанып келеміз. Көрші ауылдан шыға бере, гүрілдеп жүріп келе жатқан жүк көлігі екі-үш рет «түшкіріп» алды да, үні өшті де қалды.

– Әй, мынаған не болды, еш жері бұзылмаған «сап-сау» еді ғой, – деді Бейсекең көкем. Көлігінің капотын ашып, біз кеуірт жағып, ол тексерген болып жатыр. Аз уақыттан соң:

– Қап, шешенің... бензині таусылып қалыпты ғой, енді қайттім, жұмыстан қайтқанда, үйден құя саламын деп ойлаған едім. Қатыналғыштар, сендер ғой мені асықтырған, – деп күйіп-пісіп жатыр.

Не істерімізді білмей жолда тұрғанымызда алдымыздан көліктің жарығы көрінді. Бәріміз жабылып қол көтерген едік, әлгі жеңіл көлік тура жанымызға келіп тоқтады. Су жаңа «Москвич» екен. Әлгі жеңіл көлікті көрісімен біз алып қашқан қыз: «Ой, мынау папамның машинасы ғой!», – деп екі бүктеліп кабинаға тығылды.

– Жігіттер, не тұрыс? – деді көліктен түскен жасы елулерден асыңқырап қалған денелі кісі.

– Шөпке баратын едік, жолда бензинім таусылып қалды. Қара басып бензин көрсеткішке де қарамаппын, – деді Бейсекең.

– Ондай-ондай бола береді, шелектерін, шлангаларың бар ма, менен бір шелек бензин алыңдар, – деді.

– Ой, көке, көп рахмет, бензиннің ақысын төлейміз, – деді Бейсекең.

– Ақысының қажеті жоқ, түн ортасында жолда қалып қоймандар, осы бензин заправкаға дейін жетіп қалар, жетпесе

● Президент Жолдауына – төлебиліктердің қолдауы

тағы бір шелек берейін, – деді.

– О, не дегеніңіз көке, көп рахмет, осы бір шелек бензин жетеді, – деді Бейсекең. Бейсекең «Москвичтен» алған бір шелек бензинін құйып алды.

– Ал, енді машинанды оталдыр, бензиннен бе, әлде басқа кінәраты бар ма,

көрейік, – деді әлгі кісі. Бейсекең көлігінің карбюраторын бензин жеткенше піскілеп алып, кілтін қосқан еді, гүр етіп оталды да кетті.

– Әп, бәрекелді, жолдарың болсын, жігіттер! – деді әлгі кісі машинаның оталғанына бізбен бірдей қуанып.

– Бейсекең жүк көлігін гүрілдетіп, газды мейлінше қаттырақ басып келеді. Екі езуі екі құлағында: «Інім, сен жолы болғыш қандай бақытты жан едің, қайын атаң қызын алып қашып бара жатқанда, бензиніне дейін өзі құйып беріп, шығарып салды», – деп қарқылдап, рахаттанып күліп алады...

... Жүк көлігімен келін болып түскен қыз бүгінде ақ жаулықты әже атанды. Бүгінде ауылдағы әр үйде бір емес, қос-қостан жеңіл көлік бар. Бірақ сол ағайын ауылдастың біріне көлігіңмен «бір жаққа барып келейік» деп өтініш айтсаң, ақысын сұрайды. Ағайын арасында да тегіннен-тегін дүние жоқ. Көлігіңнің жанармайы таусылып, жолда қалсаң, бірінен соң бірі зулап өтіп жатқан көп көліктің бірі де тоқтамайды, өліп бара жатсаң, аузыңа бір тамшы су тамызатындар да некен-саяқ. Бұрындары топырағы шандатып жататын ауыл көшелеріне, тіпті ішкі жолдарға дейін асфальт төселген. Сол тақтайдай тегіс жолдардан көліктің неше түрі күні-түні оқтай зулап, ышқынып ағып өтіп жатады.

Заманында ұлы Абай «Серіз аяқ» өлеңінде:

...Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық,
Аздырар адам баласын..., – деп жырлағанын білесіздер. Шынымен де жұмысымыз жоқ, қарнымыз тоқ болғаннан кейін азып барамыз ба, әлде азғындап барамыз ба, о жағы бір Аллаға ғана аян. Мемлекет басшысының Жолдауын оқып отырғанда, өткенімізді, бүгінгімізді көз алдыма бір елестетіп алдым.

«...Жол апаттары қоғамның зор алаң-

даушылығын туғызып отыр. Жыл басынан бері жол-көлік оқиғасынан 1300-ден астам адам қаза болып, 16 мыңнан астам адам зардап шекті. Адамдар күн сайын жол үстінде қазаға ұшырап жатыр. Олардың арасында тұтас отбасылар да бар», – дейді мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Жолдауында.

Бүгінде шет елдік су жаңа жеңіл көлік мініп желіккен жастар қаланы айтпағанда, ауыл көшелерінен шектен тыс жылдамдықпен зуылдап өтіп бара жатқанын көреміз. Олардың көпшілігі тәртіп, жолда жүру ережесі дегеніңізге пысықырып та қарамайды. Күн сайын қаншама жол-көлік оқиғасы тіркеліп, бақытсыздық жағдайлары кездесіп жатқандығына мән бермейді.

Соңғы мәліметтерге сүйеніп көрсек, 2025 жылғы қаңтар-сәуір аралығында 9,2 мың жол-көлік оқиғасы тіркелген. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, 51,5 пайызға көп. Ең көп жол-көлік оқиғасы Алматыда тіркелген. Жыл басынан бері 2,2 мың апат орын алған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, 29,9 пайызға артық. Алматы облысында 767, Жамбыл облысында 538 оқиға тіркелген.

Жол-көлік оқиғасының 7,2 мыңы жүргізушілердің кінәсінен орын алған. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда, 3,4 есе өскен. Автобус жүргізушілері 313, жүк көлігінің жүргізушілері 265, электросамакаттар 205, мопедтер, скутерлер және велосипедтер 232, жаяу жүргіншілер 22 жол-көлік оқиғасына жол берген. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 7,7 пайызға өскен.

Биыл республикалық маңызы бар жолдарда 824, облыстық маңызы бар жолдарда 348, халықаралық жолдарда 140 жол-көлік оқиғасына жол берілген. Қазақстан бойынша жолдарда 13,1 мың адам зардап шегіп, 558 адам қайтыс болған. Көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 3 пайызға артқан.

Осы мәліметтерден-ақ еліміздің жолдарында бейне бір «соғыс» жүріп жатқандай әсер алып, беймаза хал кешесіз.

Жол бойындағы бақытсыздық жағдайлардың бәрі Бауыржан батыр айтқандай, тәртіпке бас имегенімізден, ережеге бағынбайтындығымыздан болып отырғаны айдан анық.

О.ЗАҒАМБАР

Экранға да мәдениеттілік пен ұлттық құндылық қажет

Балалар мен жастарды ізгілікке, жақсы қасиеттерге, ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде мультфильмдерден бастап қысқаметражды, деректі және көркем фильмдердің алатын орны ерекше.

Бүгінде көпшілікке кинотеатрларға топырлап бара берудің қажеттілігі болмай қалды. Жер серігі арқылы хабар тарататын қаптаған телеарналардан қалағаныңызды көре алатындай жағдайға жеттік. Мәселе шет елдік телеарналарда емес, мемлекеттігі, жекеменшігі бар телеарналар тарататын хабарларда, бағдарламаларда, көркем фильмдерде болып тұр. Айға емес жылдан аса уақытқа созылатын шет елдік көркемфильмдерді үзбей көретін болдық. Өкінішке қарай, шет елдің көптеген фильмдерінен қазақтың ұлттық тәрбиесіне, салты мен дәстүріне мүлдем жат оқиғаларды көріп іштей ренжисің. Балаларды бұзақылыққа, алаяқтыққа, қаныпезерлікке, имансыздыққа тәрбиелейтін көркем фильмдер мен көпсериялы фильмдер жетіп артылады. Ең өкініштісі, адамзатты тура жолдан тайдыратын, адам санасын улайтын сол фильмдерді көрсетуге әлгі туындыны түсірген елдерде мүлдем рұқсат етілмейтін көрінеді.

Басқа шет мемлекеттердің фильмдерін сөз етпегенде, әлемде ең көп, тіпті жылына 1000-ға тарта кино түсіретін Индияның кейбір фильмдерін үнділіктердің өзі есітіп көрмеген көрінеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Бұрабайдың баурайында өткен Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында сөйлеген сөзінде: «...Тағы бір түйткіл – қазір кинотеатрда көрсетілетін фильмдерге қатысты қоғамдық сын бар. Былтыр қазақстандық мамандар түсірген 94 фильм шыққан, яғни негізінен өзіміздің өнім шығарылып жатыр. Бұл – жақсы үрдіс. Бірақ біз ең алдымен санға емес, сапаға көңіл аударуымыз керек. Көрерменнің көңілін көтеріп, күлкі сыйлау бір бөлек, жағымсыз әдеттерді насихаттау – бір басқа. Зорлық-замбылықты, қатыгездік пен қылмысты насихаттайтын фильмдер де пайда болды. Ол жерде бір нәрсені ескерген жөн. Бүгінде фильмдердің басым көпшілігі мемлекеттік тапсырыспен емес, жеке қаржыға

түсірілуде. Кино маңызды идеологиялық құрал екендігін жақсы түсінеміз. Сондықтан жеке қаржыға түсірілсе де, фильмді кинотеатрларға шығармас бұрын алдын-ала сараптаудан өткізу жолдарын қарастырған жөн.

Сондай-ақ жақсы мысалдар бар. Жақында «Шоқаннның Қашқария сапары» деген мультфильм шығыпты. Бұл өскелең ұрпаққа әйгілі тарихи тұлға Шоқан Уәлиханов туралы мәлімет беретін өте жақсы туынды деп айтуға болады. Қазақ тілінде ұлттық нақышта түсірілген осындай мультфильмдер көп болуы қажет. Бұл – ұлт болашағына тікелей ықпал ететін мәселе. Сондықтан анимацияны дұрыс бағытта дамыту мәселесін қолға алу керек», – деп атап өтті.

Ашығын айтсақ, шымкенттік аниматорлар қазақ ертегілері мен аңыздарының желісінде және халық батырлары Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын, Қамбар батырлар туралы анимациялық фильмдер түсіріп, экранға шығарып жүр. Бұл фильмдер балаларға арналған «Балапан» бағдарламасында күн сайын көрсетілуде. Шымкенттік мамандардың анимациялық фильмдерін бүлдіршіндер қызыға тамашалайды. Алдағы уақытта да осы жолымыздан жаңылмағанымыз жөн. Сондай-ақ жерлестеріміз имандылыққа, адалдыққа, еңбексүйгіштікке, мейірімділікке үндейтін фильмдер шығара бастады. Осындай жақсы істердің жалғасын таба бергенін қалар едік.

Түрік кинорежиссерлері тарихи тақырыпқа арналған «Алып Арслан» және «Осман» көпсериялы фильмдерін шығарды. Бұл екеуі де өтті сәтті шыққан туындылар деп айтсақ, асыра сілтеушілік болмас деп ойлаймын. Екі фильм де тарихта болған оқиғалар желісінде ұлы тұлғалардың өмірі мен күрес жолын негізге алып түсірілген. Фильмдерде түркі халықтарының бұрыннан қалыптасқан ұлттық дәстүрі мен салты негізге алынған. Қазақтың қара домбырасы мен қобызы, киіз үйлері, ұлттық нақыштарын өзек етіп алғандығына төңті боласың. Бұл бүкіл түркі халықтарының түп-төркіні, ұлтық қасиеттері қазақтың ұлы даласынан бастау алғандығының айқын дәлелі.

Түрік ағайындардың домбырамен, қобызбен қазақ

әуендерін салуында, киіз үйлерін қазақы оюлармен безендіруінде, бесіктегі сәбилеріне бесік жырын айтқанда Қаратауды қосуында үлкен гөп бар. Бір заманда Оғыз ұрпақтары Қаратау мен Алатаудың бөктерінде өмір сүргені ата тарихымыздан аян. Олардың таңбалары бүгінге дейін тау тастарында сайрап жатыр.

Бізге де бүгінгі ұрпаққа ұлттық дәстүріміз бен салтымызды, мәдениетімізді дәріптейтін, ұлтжандылыққа үндейтін «Алып Арслан», «Осман» сияқты тарихи көпсериялы фильмдер түсірмеске, неге болмасақ. Тіпті арғы тарихымызға бармаған күнде Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Дулат Сеңкібай мен Шойбек батырларды бас кейіпкер етіп, алып тарихымызды бұрмаламай нағыз фильм түсіріп, көрермен қауымға ұсынып жатсақ, керемет емес пе? Әлде «Алып Арслан», «Осман» сияқты нағыз ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелейтін фильм түсіруге біздің кинотүсіргіш мамандардың шамашарқылары әлі жетпейді ме? Шындығы осы болса керек.

Қандай да болсын көркем фильмнің де, мультфильмнің де ұрпақ тәрбиесінде алар орны ерекше. Кинотеатрларда да, телеарналарда да осындай маңызды мәселелерге жете көңіл бөлгеніміз абзал.

Ұлттық құрылтайда мемлекет басшысының: «Ашығын айтсақ, бала оқыту ісінде бұған дейін білімге көбірек назар аударылды. Ал ұрпақ тәрбиесіне қатысты жүйелі ұстаным болған жоқ. Бұл салаға тиісті көңіл бөлінбей келді...», – деп айтқанының өзінде бүгінгі өмір шындығы жатыр. Күнделікті теледидарға, әлеуметтік желіге үңілген қазіргінің қазағы бір сәт ес жиып, бала тәрбиесінде қателікке жол бермеу жағын ойлап қойғанымыз жөн-ау, деймін.

Б.ҚОЖАНОВ,
№2 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі.



2025 жылғы 13 шілде – Киелітас ауылдық округінің әкімін сайлау күні



Киелітас ауылдық округі аумағында талай жылдан бері бірнеше ұлттың өкілдері ынтымақпен тату-тәтті өмір сүріп, тірлік етіп келеді. Ауылдық округ аумағында көптеген игі істер жүзеге асырылуда. Десек те оңды шешімін күткен мәселелер баршылық.

Киелітас ауылдық округінің әкімі лауазымына канди-датурдың өмір жолымен, сайлауалды бағдарламасымен танысып шықтым. Халық қашанда қолынан іс келетін іскер, көпшіл азаматқа сенім артады.

Мен сол үміткерлердің арасынан Баймырза Бекайдарұлы Адамбектің кандидатурасын қолдаймын. Ол Шымкент қаласында өмірге келгенімен, Ақайдар ауылының тумасы, төл перзенті десек те болады. Тіпті оның ата-бабалары да

Баймырзаны бірауыздан қолдайық!

осы ауылдық округтегі құтты мекен Ақайдарда өмірге келіп, тіршілік еткен.

Құрметті Киелітас ауылдық округінің сайлаушылары! Білімді, бойында жастық шақтың жігер оты лаулаған азаматқа нық сенім артып, қолдау көрсеткеніміз жөн. «Әкім бол, халқыңа жақын бол», демекші әрқашанда көпшіліктің жанынан табылып, үлкен-кішінің айтқанына құлақ асып, өтініш-тілектерін орындап, уәде үдесінен шығып, тіпті күрделі мәселелерді шешудің өзі кез келген адамның қолынан келе бермейді. Мансапты көздеп емес, ел қамын ойлап, ең алдымен туған жерін түлетуге білек сыбана кірісетін азаматтар ғана нағыз әкім бола алады.

Баймырза Бекайдарұлы өзінің сайлауалды бағдарламасында ауылдық округ тұрғындары үшін ең маңызды мәселелерді шешуге ықпал ететінін айтыпты. Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығын қарқынмен алға бастыру, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, бүкіл елімізде күрделі мәселелердің бірі болып тұр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халыққа арнаған Жолдауларында, Ұлттық құрылтайларда сөйлеген сөздерінде, бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбаттарында бұл маңызды мәселелерді назардан тыс қалдырған емес. Баймырза Бекайдарұлы сайлауалды бағдарламасында осындай ең маңызды мәселелерді шешуге ықпал ететіндігін білдірген.

Киелітас ауылдық округінің тұрғындары Бадам өзенінің жағасында отырғанымен, ағын су мәселесін түпкілікті шеше алмай келеді. Әсіресе биылғыдай қуаңшылық жылдары су тапшылығын жиі сезінеді. Шаруа қожалықтары үшін ғана емес, үйіргелік жер учаскелерін гүлдендіріп, көркейту үшін де ең алдымен осы мәселені шешіп алуымыз керек. Баймырза Бекайдарұлының ең алдымен осындай маңызды проблемаларды шешуге ықпал ететіндігі маған өте ұнады.

Құрметті жерлестер! Сіздердің баршаңызды Баймырза Бекайдарұлын бірауыздан қолдап дауыс беруге шақырамын!

Жәнібек САНСЫЗБАЕВ.
Киелітас ауылдық округі.

Жарияланым ақысы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі №2464 Конституциялық Заңының 33-бабына сәйкес аудандық аумақтық сайлау комиссиясы арқылы төленеді.

Нұркен – сенімге лайық азамат



Шілденің 13-і күні Киелітас ауылдық округі әкімінің сайлауы өтеді. Аудан тарихын 90 жылға жуық уақыттан бері тасқа басып келе жатқан «Төлеби туы» газетінде ауыл әкімі лауазымынан үміткер 3 кандидаттың өмірдеректері мен сайлауалды бағдарламалары жарияланды. Осы лауазымға кандидаттардың бірі – Молбосынов Нұркен Мұқанұлы.

Нұркен Мұқанұлы 1987 жылғы 1 қаңтарда Бірінші Мамыр ауылында дүниеге келген.

Халықтар достығы университетін экономика мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2007 жылы Бірінші Мамыр орта мектебінде есепші қызметінде бастаған ол бүгінде Бірінші Мамыр ауылдық округі әкімі аппаратының құрылымдық бөлімше

басшысы лауазымында еңбек етіп келеді.

Нұркен бауырым – ел ішінде сыйлы, көпшілікке еңбекқорлығымен, жауапкершілігімен танылған тұлға. Ол ауылдың тыныс-тіршілігіне бейжай қарамайтын, әрқашан жұртпен ашық сөйлесіп, мәселелерді бірге шешуге тырысатын азамат.

Ол өзінің сайлауалды бағдарламасында егер осы ауылдық округтің әкімі болып сайланса, мемлекеттік бағдарламаларды, Президент Жолдауларындағы тап-сырмаларды жергілікті жерде нақты іске асыруға күш салатынын айта келе, негізгі жоспарларын ортаға салыпты.

Оның алған бағыты көңіл көншітеді. Жоспарының негізгі тақырыптарына тоқталсам, әлеуметтік қолдау және әл-ауқатты арттыру; жастар мен жұмыспен қамту; инфрақұрылым мен абаттандыру; білім, денсаулық сақтау саласы; қоғамдық келісім мен ашық басқару.

Оның сайлауалды бағдарламасында көтерілген әрбір бастама нақты қажеттіліктен туындаған, елдің әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған. Атап айтқанда, көпбалалы, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен жалғызілікті қарттарға жан-жақты қолдау көрсету, жастарды жұмыспен қамту, ауылдың инфрақұрылымын жетілдіру – халықты толғандыратын маңызды мәселелер.

Біз, ауыл тұрғындары, оның іскерлігін, адалдығын, ұйымдастырушылық қабілетін жақсы білеміз. Ол – бірлік пен еңбекті ту етіп, елмен ақылдаса отырып шешім қабылдайтын азамат. Ауыл әкімі болу оңай шаруа емес. Елдімекен тұрғындарымен етене жақын байланыста болып, олардың мұң-мұқтажын, әлеуметтік мәселелерін дер кезінде шешуге ынталы болу жеткіліксіз. Ең бастысы үміткердің бойында сол шаруаларды атқаруға, түйінді мәселелерді шешу жолдарын ұсына білетін қарым-қабілеті, білім-білігі болуы тиіс.

Молбосынов Нұркен Мұқанұлы – сенімге лайық азамат. Ол орда бұзып, қамал алатын, елге қызмет ететін жаста. Сондықтан Нұркен бауырымды қолдап дауыс берсеңіздер, қателеспейсіздер. Халыққа қызмет етемін, ауылдарды көркейтуге атсалысамын, қордаланған мәселелерді шешуге ұйытқы боламын деп құлшынып тұрған азаматты қолдап, оған дауыс беруге шақырамын.

Сәкен ЖҰМАБЕКҰЛЫ,
мұғалім.

Жарияланым ақысы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі №2464 Конституциялық Заңының 33-бабына сәйкес аудандық аумақтық сайлау комиссиясы арқылы төленеді.

КИЕЛІТАС АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ ЛАУАЗЫМЫНА КАНДИДАТ
МАУЛЕНОВ ЖАНГАЛИ САТЫБАЛДЫУЛЫ



ӨМІРДЕРЕК:

Мауленов Жангали Сатыбалдыұлы 1981 жылғы 19 маусымда Төлеби ауданының Киелітас ауылында дүниеге келген. 1998 жылы Киелітастағы М.Өуезов атындағы орта мектепті, 2003 жылы Шымкент университетін тарих және география мамандығы бойынша, 2023 жылы Халықтар достығы университетін құрылысшы мамандығы бойынша бітірген. 2004-2007 жылдары Ленгір қаласындағы «Тау проект» ЖШС-інде техник-сәулетші, 2007-2008 жылдары Қазығұрт аудандық халыққа қызмет көрсету орталығында инспектор, 2008-2013 жылдар аралығында «Біркөлік» шипажайында заңгер болып еңбек етті. 2013-2022 жылдары «ММ Group» ЖШС директоры, 2022-2023 жылдары «Ленгір тазалық» КММ директоры қызметтерін атқарды. Төлеби аудандық мәслихатының VIII шақырылымдағы депутаты. 2024 жылдан бастап «Төлеби спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының орынбасары қызметін атқарып келеді. Отбасылы. Екі ұлдың әкесі.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ:

Құрметті жерлестер! Мені Киелітас ауылдық округінің әкімі лауазымына өз кандидатурамды ұсынуға туған жерге деген сүйіспеншілігім мен оны дамытуға деген шынайы ниетім итермеледі.

- Ауылдық округтегі елді мекендердің ішкі жолдарын кезең-кезеңімен жөндеу, асфальттауды қатаң бақылауға алу. Ауыл көшелерін толықтай заманауи жарықтандыру жүйесімен қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастыру, оның ауқымын кеңейту. Халықты таза әрі тұрақты ауыз сумен қамту. Бұзылған желілерді жөндеу және жаңаларын тарту арқылы ауыз су жүйесін жетілдіру. Ақайдардағы көпірге ЖСҚ дайындауға және Сұлтан-Рабаттағы жаяу жүргіншілер көпірін күрделі жөндеуге, тротуар салуға бастамашы болу.

- ауылдық округтегі әр елді мекенде заманауи, қауіпсіз балалар ойын алаңшаларын орнатуға күш салу. Достық ауылындағы Жылқыбаев көшесі бойындағы Наурыз алаңына "Воркаут" алаңын орнату;

- Киелітас ауылында спорт көшенінің салынуына, мәдениет үйі және Достық елді мекеніндегі 900 орындық жайлы мектеп құрылысының уақтылы аяқталуына ықпал ету. Демеушілермен және жеке кәсіпкерлермен тығыз байланыс орнатып, көпбалалы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға тұрақты түрде көмек көрсету;

- шағын және орта бизнестің дамуына жағдай жасай отырып, жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал ету. Апта сайын тұрғындармен ашық қабылдау өткізіп, әлеуметтік желілер мен басқа да байланыс құралдарын тиімді пайдаланып, халықпен тұрақты кері байланыс орнату. Мемлекеттік бағдарламалардың баршаға қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Құрметті сайлаушылар! Мен сіздерге тек уәде беріп қана қоймай, нақты іспен дәлелдеуге дайынмын. Ауылымыздың әрбір мәселесі менің жіті назарымда болады. Сіздердің қолдауларыңызбен және бірлесе атқаратын жұмысымызбен Киелітас ауылдық округінің болашағын жарқын ете аламыз деп сенемін. Бірге дамиық, бірге өркендейік! Сіздердің дауыстарыңыз – менің күшім!

Жарияланым ақысы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі №2464 Конституциялық Заңының 33-бабына сәйкес аудандық аумақтық сайлау комиссиясы арқылы төленеді.

Үмітті ақтайтынына кәміл сенемін



Шілденің 13-і күні Киелітас ауылдық округінің әкімін сайлағалы отырмыз. Осы саяси додада Қошқарбаев Ғалымжан Ергешұлы да бағын сынайды.

Ғалымжан Ергешұлын көптен бері танимын. Ол текті әулеттен шыққан, өте тәрбиелі, кішіпейіл, әресі биік жігіт. Ауыл әкімі халықпен тығыз байланыста болып, тұрғындардың мұң-мұқтажын тыңдап, ашық диалог орнататын, кез келген мәселені бірге шешуге ұмтылатын басшы болуы тиіс. Әкім әділ және жауапты болғаны жөн, барлық тұрғынға тең қарап, жеке мүддені емес, көпшіліктің пайдасын ойлауы қажет. Сонымен қатар білікті ұйымдастырушы болғаны құба-құп. Ауылдың инфрақұрылымын дамыту, жол, су, жарық, санитарлық

тазалық, мектеп, медицина, мәдениет, жастар мен спорт мәселелеріне басымдық беруі керек. Идея мен бастама көтеруші, яғни бос жұмыс орындарын көбейту, кәсіпкерлікті дамыту, мемлекеттік бағдарламаларға тұрғындарды тарту бағытында нақты жобаларды іске асыруы қажет. Сондай-ақ түрлі пікірлерді ескеріп, елмен кеңесе отырып шешім қабылдай алуы керек. Туған жерге жанашыр болып, ел мен жерге деген сүйіспеншілігі, жауапкершілігі зор, нағыз отаншыл азамат болуы тиіс. Осындай әкім ауылда оң өзгеріс жасай алады. Ал Қошқарбаев Ғалымжан Ергешұлын дәл сондай азамат деп ойлаймын.

Ғалымжан 2008-2010 жылдары Киелітас ауылдық округі әкімінің аппаратында жетекші маман болып еңбек еткен. Қазіргі уақытта Аққұм ауылдық округі әкімінің аппаратында бас маман болып қызмет атқаруда.

Ол өзінің сайлауалды бағдарламасында мынадай негізгі басымдықтарға тоқталыпты:

ауылдағы өзекті, түйткілді мәселелерді анықтап, тиімді жолмен шешуге күш салу; мемлекеттік қолдау тетіктерін барынша қолжетімді ету, соның ішінде ауылшаруашылығына бөлінетін жеңілдіктер мен субсидияларды шаруаларға жеткізу; суармалы егістіктерді ұлғайтып, мал тұқымын асылдандыру жұмыстарының тиімді іске асуын қамтамасыз ету; жұмыссыздықпен күресіп, шағын кәсіпкерлікті дамыту; ішкі жолдарды жөндеу, таза ауыз су, сапалы жарық; әлеуметтік осал топтардың жағдайына баса назар аударып, қолдау көрсету; ауыл келбетін көркейтіп, таза, жайлы орта қалыптастыру; ағартушылық және мәдени шараларды қолдап, рухани дамуға үлес қосу; қажетті әлеуметтік нысандарды мемлекет-жекеменшік серіктестігі арқылы салу.

Құрметті Киелітас ауылдық округінің тұрғындары!

Ауылдарымызды көркейтіп, өркендетуге бар күш-жігерін жұмсауға дайын болып, белін бекем буып отырған кандидат Қошқарбаев Ғалымжан Ергешұлына біркісідей дауыс берейік! Ол үмітті ақтайтынына кәміл сенемін.

Ғани ТАТЫБАЕВ,
Достық ауылының тұрғыны.

Жарияланым ақысы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі №2464 Конституциялық Заңының 33-бабына сәйкес аудандық аумақтық сайлау комиссиясы арқылы төленеді.

2025 жылғы 13 шілде – Киелітас, Көксәйек ауылдық округтерінің әкімін сайлау күні

Адал, тындырымды азамат



Жуырда, нақтырақ айтқанда, шілденің 13-і күні ауыл халқы Киелітас ауылдық округінің әкімін сайлайды. Осы лауазымға кандидат ретінде Мәуленов Жанғали Сатыбалдыұлы да тіркелді.

Жанғали Сатыбалдыұлын ауыл тұрғындары жақсы таниды. Ол Киелітас ауылында туып-өскен, осындағы М.Әуезов атындағы орта мектепті бітірген. Алдына қойған арман-мақсатына жету үшін жоғары білім алып, аянбай еңбек етіп, үздіксіз ізденіп, алға қарай ұмтылып келеді. Бір емес, екі жоғары білім алған білікті де білімді маман. Бүгінде аудандық мәслихат депутаты болып, өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқарып жүр.

Ол аудан орталығында қызмет атқарып жүргенімен, туған ауылынан қол үзген емес. Ауыл әкімдігімен, білім

ордаларымен тығыз байланыс жасап, іс-шараларға қатысып, қолдау көрсетіп отырады.

Оның туған елін түлету, көркейту, ауылдастарының өмір сүру сапасын жақсарту бойынша алға қойған арман-мақсаттары өте көп. Жанғалидың сайлауалды бағдарламасымен танысып, оның нағыз өз елінің патриоты, әкім лауазымына ең лайықты үміткер екеніне көз жеткіздім. Киелітас ауылдық округіне қарасты елдімекендердің проблемаларын зерттеп, қай ауылға нақты не қажет екенін біліп, сол мәселелерді өзінің сайлауалды бағдарламасына енгізгені қуантады. Ол егер ауылдық округ әкімі болып сайланса, ауыл тұрғындарымен етене жақын араласып, түйткілді мәселелерді тұрғындармен ақылдаса отырып, дер кезінде шешуге ықыласты екенін жазыпты.

Жанғали сонымен қатар ауылдық округтегі елді мекендердің ішкі жолдарын жөндеу, асфальттауды, ауыл көшелерін толықтай заманауи жарықтандыру жүйесімен қамтамасыз етуді, тұрақты түрде таза ауыз сумен қамтуды мақсат етіп отыр. Ол сондай-ақ ауылдық округтегі әр елді мекенде заманауи, қауіпсіз балалар ойын алаңшаларын орнатуға, спорт кешенінің салынуына, мәдениет үйі және Достық елді мекеніндегі 900 орындық жайлы мектеп құрылысының уақтылы аяқталуына ықпал етуге ынталы. Ол әкім болып сайланса, шағын және орта бизнестің дамуына жағдай жасай отырып, жаңа жұмыс орындарының ашылуына ұйытқы болмақ.

Жанғали – талай өмір баспалдақтарынан өтіп, мол тәжірибе жинақтаған жігерлі азамат. Ендігі оның мақсаты – өмірлік тәжірибесін туған ауылын өркендетуге арнау, ауыл халқының сенімінің үдесінен шығу.

Ауылдық округ әкімі лауазымына ең бастысы, халықты өзінен жоғары қоятын, ел-жұртқа мүлтіксіз қызмет ететін, адал да іскер азаматтар сайлануы тиіс. Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы нормаларын қатаң сағайтын, өзіне жүктелген міндетке бар күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін жұмсайтын әкім ғана елдің алғысына бөленіп, еңбегінің жемісін көретіні даусыз. Ал Жанғали – дәл сондай адал, іскер, тындырымды, ауыл әкімі лауазымына лайық азамат. Сондықтан Жанғали Мәуленовті бірауыздан қолдап дауыс берейік!

Ақылбек ТӨРЕХАНОВ,

Киелітас ауылының тұрғыны, аудан биінің кеңесшісі.

Жарияланым ақысы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі №2464 Конституциялық Заңының 33-бабына сәйкес аудандық аумақтық сайлау комиссиясы арқылы төленеді.



Жас келсе, іске!

Қазақстанда демократиялық өзгерістерге жол ашатын маңызды бастамалар қанат жайып келеді. Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында берген тапсырмасы бойынша және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға әкімдерді сайлауды енгізу мен барлық үміткерге қарсы дауыс беруді қарастыратын түзетулер енгізгені

мәлім. Өзгеріске сәйкес 2021 жылдың маусым айынан бастап ауыл әкімдері халықтың тікелей дауыс беруі арқылы сайланып келеді.

«Төлеби туы» газетінің өткен аптадағы санында Киелітас, Көксәйек және Қасқасу ауылдық округтерінің әкімдері лауазымдарына үміткерлердің суреті, өмірдерегі мен сайлауалды бағдарламалары жарияланды. Солардың ішіндегі ең жасы – Абдысабыр Аспандияр Ерғалиұлы. Ол Көксәйек ауылдық округінің әкімі лауазымына өз кандидатурасын ұсынған екен.

Аспандияр Ерғалиұлы бес жылдан бері Ленгір қаласының әкімі аппаратында заң кеңесшісі қызметін атқарып жүр. Ол – мемлекеттік қызметтің не екенін білетін, жауапкершілікті түсінетін азамат. Ол өзінің сайлауалды бағдарламасында «Ауыл – халқымыздың алтын бесігі. Еңбек пен бірліктің ұйытқысы болған елді мекендерді көркейту, ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсарту менің басты мақсатым», – деуі жас та болса, болашақты, елдің қамын ойлайтын жігіт екенін білдірсе керек.

Ол әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен жалғыздікті қарияларға нақты көмек көрсетуді; ауылшілік жолдарды жөндеу және жарықтандыруды; абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастыруды; жұмыссыз жастардың кәсіп бастауына және мемлекеттік бағдарламаларға қатысуына жәрдемдесуді; шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған жобаларды жүзеге асыруды көздеп отыр.

Жас үміткер мектеп, балабақша, медициналық пункт жұмысына қолдау көрсетуді; мәдени-көпшілік шаралар өткізу арқылы ұлттық салт-дәстүрді дәріптеуді; спорт пен салауатты өмір салтын насихаттау, балалар ойын алаңдары мен спорт алаңшаларын салуды; ауылдарда экологиялық бастамаларды жүзеге асыруды мақсат етіп отырғаны қуантады.

Аспандиярдың Жұмысшы мамандықтар жылы аясында ауылдағы еңбек адамдарын марапаттап, насихаттауды ұмыт қалдырмағаны да өте құптарлық.

Құрметті сайлаушылар! Көксәйектің жарқын болашағын өздеріңізбен бірге қалыптастыруды мұрат етіп отырған жігерлі жасты қолдап, дауыс беріңіздер! «Жас келсе, іске!» демекші, Аспандиярға елге еңбек сіңіріп, қарым-қабілеттерін барынша көрсетуге мүмкіндік берейік!

Марат БАЙКАМУРОВ,

әлем чемпионы.

Ленгір қаласы.

Жарияланым ақысы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі №2464 Конституциялық Заңының 33-бабына сәйкес аудандық аумақтық сайлау комиссиясы арқылы төленеді.



Соңғы жылдары ауылдық округ әкімін тағайындау үшін сайлау өткізіп, жергілікті тұрғындар өзі сенім артқан үміткеріне таңдау жасап, дауыс беретін болды. Меніңше, бұл халық үшін жаңалық болмаса да, жалғасын тапқан жақсы үрдіс деп ойлаймын.

Қандай да болсын ірілі-ұсақты ұжымда табысқа, жетістікке жету бірінші басшыға тікелей байланысты. Егер бірінші басшы оқығаны мен көңілге тоқығаны, өмірден көргені бар, білімді, іскер, көпшілікпен тіл табысып, ортақ іске жұмылдыра алатын азамат болса, онда сол ұжымның табыстан табысқа жететіні сөзсіз. Керісінше, қолынан түк те келмейтін, істің емес құрғақ сөздің адамы болса, ұжым

Іскер азамат Асқарбайды қолдайық

мүшелерінің ынтымағы мен берекесін кетіріп, қолда барды жоқ етіп тынады. Мәселен, кеңестік дәуірде жұмысы жүрмей әбден тұралап біткен шаруашылық, кәсіпорын немесе ірісі мен ұсағы бар шаруасы шатқаяқтаған қандай да бір ұжым болсын, оның бірінші басшысын орынтағынан алып, оның орнына коллективін жетістіктерге жетелеп, озат атандырған басшыны тағайындайтын. Ол тірлігі кері кеткен шаруашылық немесе өндірісті сол тығырықтан алып шығып, көш бастаушылар қатарына қосатын. Өткенді еске алуымның өзіндік себебі бар. Біз мұндай мүмкіндікті ауылдық округтер әкімдерін сайлау кезінде де қолдан жіберіп алмауымыз керек. Бір сөзбен айтқанда, біз – көксәйектіктер үміткерлердің арасынан ең іскер, білікті әрі білімді, өмірлік тәжірибесі мол азаматқа таңдау жасап, бірауыздан қолдап дауыс беруіміз керек.

Көксәйек ауылдық округі әкімінің лауазымына үміткер Асқарбай Пернебайұлы Сәулембаевтың өмір, еңбек жолына назар салсаңыз, талай сыннан сүрінбей өткен нағыз іскер азамат екендігін айқын аңғарасыз.

Асекең сайлауалды бағдарламасында ауылдық округ аумағындағы ең маңызды деген мәселелерге тоқталған.

Біздің Көксәйек аудандағы ең іргелі ауылдық округтердің бірінен саналады. Сондықтан атқарылатын тірліктер аз емес. Ауылды көркейту әкіміне, сосын барып ел қамын ойлайтын азаматтарына тікелей байланысты.

Құрметті сайлаушылар!

Ауыл қамын, бүгіні мен болашағын ойласақ, сайлауға біркісідей ұйымшылдықпен қатысайық. Бәріміз Асқарбай Пернебайұлын қолдап, бірауыздан дауыс берейік!

Берікбек ӘСІЛБАЕВ,

жеке кәсіпкер.

Қазақстан ауылы.

Жарияланым ақысы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі №2464 Конституциялық Заңының 33-бабына сәйкес аудандық аумақтық сайлау комиссиясы арқылы төленеді.



Көксәйек ауылдық округінің әкімі лауазымына үміткерлердің бірі – Берік Құрбанбайұлы Досалиев бауырымыз. Беріктің өзі айтқандай, ол Көксәйек ауылында туып, кіндік қаны туған жердің топырағына тамып, сол топырақта аунап өсіп, мөлдір суынан шөлін қандырып, Сайрамсуға шомылып өскен өзіміздің төл перзентіміз. Менің жерлестерімізге айтарым, өз ортамыздан шыққан азамат туған жерімді көркейтемін, ойға алған арманым мен мақсаттарымды жүзеге асырамын деп білек сыбанып шығып, атқа қонып жатса, біз көпшілік болып неге оны қолдамасқа?

Қазақта: «Туған жерге туынды тік!», – деген қанатты сөз бар. Біздің Берік білім алып, өмірлік тәжірибе

Туған жердің туын көтерер азамат

жинақтап, еңбек жолынан өтіп, құрыштай шынығып, туған жеріме туымды тіксем деп келіп отыр. Сол тудың биікте желбірей түсуі біздің көксәйектіктердің тікелей өзіне байланысты екенін ұмытпайық. Елін, жерін сүйген нағыз азаматқа демеу болып, қолдау көрсетейік!

Беріктің сайлауалды бағдарламасына назар салсаңыздар, Көксәйек ауылдық округінің бүгіні мен болашағына қатысты өте өзекті мәселелер көтерілген. Мен үміткердің ойға алған мақсаттарына жететіндігіне кәміл сенемін. Ол – сөздің емес, нақты істің адамы.

Қазақ: «Көп жасағаннан емес, көпті көргеннен сұра», – дейді. Мұны біз емес бұрынғы өткен ата-бабаларымыз айтып кеткен. Сол айтқандай Берік Құрбанбайұлы жас болса да, көппен араласқан, көпті көрген жас болса да, бас бола білетін нағыз азаматтың өзі.

Берік Құрбанбайұлы облыстық «Ontustik Turism Center» туристік-ақпараттық орталығы туризмді дамыту бөлімінің басшысы қызметін атқарып жүрген кезінде Түркістан облысында туризмді дамытуға сүбелі үлес қосты, қызметтік жолсапармен туризмі дамыған жеті шет мемлекетте болып, тәжірибе алмасып қайтты. Шет елдердің ауылдарына дейін аралап көріп, халқының тұрмыстық жағдайымен танысты. Осындай көргені көп, білімді, білікті азаматқа таңдау жасасақ, сенімімізді ақтайды. Берікті бірауыздан қолдайық, құрметті ағайын!

Бауыржан ІЗБАСАРОВ,

Көксәйек ауылының тұрғыны.

Жарияланым ақысы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі №2464 Конституциялық Заңының 33-бабына сәйкес аудандық аумақтық сайлау комиссиясы арқылы төленеді.

2025 жылғы 13 шілде – Қасқасу ауылдық округінің әкімін сайлау күні

Бекен айтқан сөзі мен уәдесіне бекем



Бір ауылда тұратындықтан, мен Бекен Сапарбекұлы Маткаримовтың бойындағы ізгі қасиеттерді бала кезінен жақсы білемін. Маған оның адалдығы, шыншылдығы, берген уәдесіне беріктігі, нағыз азаматтығы, туған жеріне деген сүйіспеншілігі ұнайды.

Бекеннің Кеңесарық жалпы орта мектебінде ұстаздық етіп, балаларға өнегелі тәлім-тәрбие бергеніне жиырма бес жылдан астам уақыт өтіпті. Бұл аз уақыт емес. Оның мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарғанына он жылдан асып барады. Осы жылдар ішінде ол мектепте ата-аналармен, қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыс орнатып, тәрбие ісін жолға қоюға, білім сапасын арттыруға көп үлес қосумен қатар, қоғамдық өміріне белсене араласып келеді. Мектеп оқушыларының бойына ұлттық тәрбиемізді сіңіруге, ұлтжандылыққа тәрбиелеуге көп еңбек сіңірді. Маған оның мектеп өмірімен шектеліп қалмай, үнемі көпшілік ортасынан табылып, келелі мәселелер қозғайтындығы, көпшілікті ортақ іске жұмылдыра білетіні ұнайды.

Бекен рухани қазынамызбен барынша молынан сусындаған өте білімді, өмірлік тәжірибесі мол, көргені көп зиялы қауым өкілдері қатарына жатады. Бекен Сапарбекұлы Қасқасу ауылдық округіне қарасты жоғарғы және төменгі Қасқасу, Кеңесарық, Керегетас ауылы тұрғындарының, ауыл шаруашылығы құрылымдарының, жеке кәсіпкерлікпен шұғылданатындардың бүгінгі тыныс-тіршілігін бес саусағындай жақсы біледі. Сондықтан өзінің сайлауалды бағдарламасында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жолдауларын, мемлекетіміздің ішкі саясатын жүзеге асыру жолында ең өзекті мәселелерді шешуге ықпал ететіндігіне жете назар аударған.

Біздің аудандағы ауылдық округтерде инфрақұрылым және мал жайылымы – ең маңызды мәселелердің бірі. Ауылды көркейту, жасыл желекке бөлеу үшін ағын су да өткір проблема екенін мойындауымыз керек. Бекеннің бүгінге дейін шешімін таппай келген осындай маңызды жағдайларды шешуге ықпал ететіндігін өз бағдарламасына өзек етіп алғаны ұнады.

Құрметті Қасқасу ауылдық округінің сайлаушылары. Бәріміз үшін аса маңызды сайлауға біркісідей қатысып, Бекен Сапарбекұлын қолдап, бірауыздан дауыс берейік!

Ақылбай МАНКЕЕВ,
Көкпардан Қазақстан құрама
командасының жатықтырушысы,
Кеңесарық ауылы.

Жарияланым ақысы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі №2464 Конституциялық Заңының 33-бабына сәйкес аудандық аумақтық сайлау комиссиясы арқылы төленеді.

Ауылдың болашағын сенімгі азаматқа тапсырайық



Шілденің 13-і – Қасқасу ауылдық округінің әкімін сайлайтын күн. Ауданымыздың жаңалықтарынан Төлеби халқын дер кезінде хабардар етіп отыратын «Төлеби туы» газетінің өткен санында осы округ әкімі лауазымына кандидаттар туралы ақпарат жарияланды. Мен Қасқасу ауылында туып-өскен, ұзақ жылдар еңбек етіп, зейнетке шыққан байырғы тұрғынымын. Осы ауылдың өткені мен бүгініне куә болып келе жатқан қария ретінде ауылымыздың болашағына бейжай қарай алмаймын.

Ертеңгі сайлау – елдің ертеңіне жасалатын үлкен қадам. Ауыл әкімдігіне үміткер болып отырған азамат Әбдіжаппар Рамазан – өз ісіне жауапты, елмен етене араласқан, көптің көңілінен шыққан жас. Ол ауылдың тумасы әрі ауылдағы білім ордасында ұстаздық еткендіктен, елді мекендердің жағдайын жақсы біледі. Ол өзінің сайлауалды бағдарламасында тұрғындармен ашық диалог орнатып, кез келген мәселені ақылдаса отырып шешуге дайын екенін баяндапты.

Көпбалалы отбасыларға, жалғызбасты қарияларға, әлеуметтік әлсіз топтарға деген қамқорлығын іс жүзінде дәлелдеп, жастарды кәсіпке тарту, елдімекендерді көркейту, жұмысшы мамандықтардың мәртебесін көтеру – осының барлығы да оның нақты жоспарына енген.

Ел болашағы – жастар десек, ауыл жастарына мүмкіндік беріп, спорт, өнер, білім жолында қолдау көрсетуді мәдени іс-шаралар арқылы ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарды дәріптеуді де басты бағыттарының бірі ретінде қарастырып отыр.

Мен ауылдың ақсақалы ретінде осы азаматты шын жүректен қолдаймын. Ауыл тағдырын сенімді адамға тапсыру – баршаға ортақ жауапкершілік. Сайлауда ақылмен таңдау жасап, болашағымызға нық қадам басайық!

Бұл үміткердің сайлауалды бағдарламасындағы: «Ауыл болашағы – сіз бен бізге байланысты. Ынтымақпен бірге еңбек етсек, ауылдарымыздың келешегі жарқын болатынына сенемін» деген сөзі көңілге сенім ұялатады.

Рамазан Сайдұллаұлының жас та болса, халықтың қамын ойлайтыны, елді-мекендердегі өзекті мәселелерді шешуге ынталы екені қуантады.

Құрметті сайлаушылар! Әбдіжаппар Рамазанға дауыс беріп, сенім артайық. Жігерлі жастың мұратына жетуіне қолдау білдірейік.

Тұрғынбек КЕУЕНОВ,
зейнеткер.

Жарияланым ақысы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі №2464 Конституциялық Заңының 33-бабына сәйкес аудандық аумақтық сайлау комиссиясы арқылы төленеді.



бермейді, айтуға ғана жеңіл. Үміткерлердің арасынан маған жалынды жас, жоғары білімді, білікті жас азамат Мейірбек Бақдәулет Сьезбекұлының сайлауалды бағдарламасы өте ұнады.

Қазақта: «Отызында орда бұза алмаған, қырқында қамал ала алмайды» деген күнделікті өмірімізден алынған нақыл сөз бар. Шынында да солай екендігіне бүгінгі заманда да «көзімізбен көріп, қолымызбен ұстап» дегендей, анық көз жеткізіп жүрміз. Ел қамын ойлаған Алаштың ардақты біртуар ұлдарының бірі – Мағжан Жұмабаев аумалы-төкпелі, қатерге толы қилы заманның өзінде:

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанаты,

Мен жастарға сенемін... – деп жырлаған екен. Сол айтқандай, біздер де халқым үшін қызмет етемін деп белін бұған жастарға нық сенім артуымыз керек.

Мейірбек Бақдәулет Сьезбекұлының орда бұзар жасқа келіп, алға қарай қамал алуға ұмтылған кезі. Ол жоғары білімді, мемлекеттік қызметте аудан тұрғындарымен жиі қарым-қатынас жасап, тәжірибе жинақтаған, қолынан іс келетін нағыз жігерлі жас. Сондықтан жерлестеріміздің Бақдәулетті біркісідей қолдап дауыс бергені жөн деп ойлаймын.

Мен қасқасулық сайлаушылардан көп ойланып, ой таразысының басына салып барып жүрек қалауымен таңдау жасағанын, ел сенімін ақтайтын жігерлі жасқа сенім артқандарын қалаймын.

Нұржан ТҮЛКИЕВ,
Қасқасу ауылының тұрғыны.

Жарияланым ақысы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі №2464 Конституциялық Заңының 33-бабына сәйкес аудандық аумақтық сайлау комиссиясы арқылы төленеді.



Қасқасу ауылдық округінің әкімі лауазымына 4 кандидат тіркеліп, өздерінің өмірдеректері мен сайлауалды бағдарламасын баспасөз бетінде жариялады. 13 шілде күні ауылдық округ халқы өз таңдауларын жасап, сайлауда дауыс береді. Бұл науқан өте жауапты әрі маңызды екені айтпаса да түсінікті.

Мен төрт үміткердің арасынан Ермек Еламан Әлібайұлын қолдап дауыс беремін деп шештім. Бұл азаматты 20 жылдан аса уақыттан бері танимын. Оның еңбекқорлығына, алдына қойған мақсатына жетпей қоймайтын табандылығына, халықпен тіл табыса алатын адамгершілік қасиетіне тәнтімін. Ол жоғары білімді заңгер, біраз жылдан бері Қасқасу ауылдық округі әкімінің аппаратында бас

Іскер азаматты қолдауға шақырамын

маман қызметін атқарып келеді.

Еламан Әлібайұлы – елдің қамын ойлайтын, іскер, жігерлі, білімді, жан-жақты азамат. Оны үміткердің сайлауалды бағдарламасындағы алға қойған бағыт-бағдарынан-ақ түсінуге болады. Ауыл тұрғындары сайлауда өзін-өзі ұсынып отырған ауылдық округті өркендетуге, елді мекендердің тұйықталған мәселелерін шешуге ынталы жасты қолдаса, еш қателеспейді деген ойдамын.

Ермек Еламан – елге адал қызмет етуді мақсат еткен, халықпен ашық сөйлесіп, ортақ мәселелерді бірге шешуге ұмтылатын жан. Көп жылдан бері қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, ауылдың тыныс-тіршілігін жақсы біледі. Іскерлігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен, адамгершілігімен көпшіліктің көңілінен шығып жүрген азамат.

Кандидаттың сайлауалды бағдарламасында көтерілген жастарды қолдау, әлеуметтік әлсіз топтарға жағдай жасау, инфрақұрылымды жақсарту, ауылды көркейту, кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы бастамалары заман талабына сай әрі нақты, жүйелі жоспар екенін көрсетеді.

Ол өзінің сайлауалды бағдарламасында елді мекендерде атқарылуы тиіс бірнеше мәселені шегелей атап, соларды шешу жолында атқаратын мақсат-міндеттеріне тоқталған. Сонымен қатар табиғаты көркем Қасқасу өңірінде экотуризм бағытында жобалар жасауды, кәсіпкерлермен бірлесіп, туристік инфрақұрылымды қалыптастыруды көздейтінін жазыпты. Бұл да – өте құптарлық бағыт.

Ауыл болашағына бейжай қарамайтын, ел игілігі жолында еңбек етуге дайын азаматты қолдау – әр ауыл тұрғынының парызы деп есептеймін.

Құрметті қасқасулықтар, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан шықсын?!» деген аталы сөзін қаперге алып, ауыл тумасы, жігерлі жас – Ермек Еламан Әлібайұлын бірауыздан қолдап дауыс берейік! Ауыл болашағы – өзіміздің қолымызда!

Бақдәулет ӘБЕК,
аудандық қоғамдық кеңестің мүшесі, кәсіпкер.

Жарияланым ақысы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі №2464 Конституциялық Заңының 33-бабына сәйкес аудандық аумақтық сайлау комиссиясы арқылы төленеді.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ұласбек Сәдібеков: «Қуаңшылықпен күресу үшін ғылыми негізделген өңірлік бағдарлама қажет»



Қазіргі таңда Түркістан облысында қуаңшылық, ауыл шаруашылығын қаржыландыру, тарихи-мәдени мұраларды сақтау және жол инфрақұрылымын дамыту мәселелері өзектілігін жоғалтпай отыр. Осы мәселелердің жай-күйін саралап, шешу жолдарын талқылау мақсатында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ұласбек Сәдібековпен (суретте) сұхбаттасқан болатынбыз.

– Ұласбек Сәдібекұлы, өңірде қалыптасып отырған қуаңшылық жағдайы тұрғындарды алаңдатып отыр. Бұл бағытта қандай нақты шаралар қолға алынып жатыр?

– Бұл – соңғы жылдары күрделене түскен, барлық деңгейдегі назарды талап ететін мәселе. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ресми дерегіне сәйкес, биылғы жылы 49,8 мың гектар егістік жер қуаңшылықтан зардап шекті. Бұл – өңірдегі жалпы егістік көлемінің 14 пайызына тең. Ерекше зардап шеккен аудандар қатарында Бәйдібек, Ордабасы, Түлкібас, Төлеби, Арыс, Сарыағаш және Созақ аудандарын атап өтуге болады.

Жайылымға да шөп шықпай, мал азығын дайындау да қиынға соғып отыр. Биыл облыс бойынша 4,3 млн тонна жемшөп дайындау жоспарланғанымен әзірге 57,1 мың тонна ғана жиналған. Шөптің бағасы былтырғы жылмен салыстырғанда қымбаттаған. Шаруалардың келісімі бойынша әр өңірде әртүрлі бағада сатылып жатыр.

Қуаңшылық – бір маусымдық қиындық емес. Ол жыл сайын қайталануы ықтимал табиғи құбылыс болғандықтан, жүйелі әрі ғылыми тәсілді қажет етеді. Осыған орай, мен Үкіметке депутаттық сауал жолдап, өңірде төтенше жағдай режимін енгізу мәселесін қарастыруды ұсындым. Сондай-ақ, қуаңшылық зардаптарын еңсеруге бағытталған арнайы өңірлік бағдарлама қабылдап, оның аясында ғылыми негізделген агроэкологиялық шешімдерді жүзеге асыру қажеттігін айттым. Оңтүстіктегі шаруалар «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ тарапынан аудандардағы несие серіктестіктеріне қойылатын талаптарды оңтайландыруға, жауып тастаған несие желісін қайта ашуға ықпал етуді сұрадым.

Үкімет тарапынан да бірнеше шешім қабылданды. Атап айтар болсам, келеңсіз салдарды азайту, залалды бағалау және қабылданып жатқан шараларды үйлестіру мақсатында облыс аудандарында жергілікті атқарушы органдар, жұртшылық пен кредиттік ұйымдар өкілдерінің қатысуымен мобильді жұмыс топтары құрылды. Ал «Қазгидромет» РМҚ деректеріне және биылғы маусымда жауын-шашынның стандартталған индекстерінің есеп-қисабына сүйенсек, еліміздің көптеген өңірлерінде атмосфералық ылғал шегі нормаға сәйкес деп болжанды. Осыған байланысты қазіргі кезеңде төтенше жағдай режимін енгізуге негіз жоқ деп танылды.

Бұдан басқа, өкімдіктер қажет болған жағдайда инновациялық қызметті, оның ішінде агроөнеркәсіптік кешендегі қызметті дамытуға бағытталған өңірлік бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады, ықтимал құрғақшылықтың салдарын азайту жөніндегі шараларды қоса алғанда, ұйымдастырушылық, құқықтық және өзге де қолдауды қамтамасыз етеді. Ауыл шаруашылығының су ресурстарына тәуелділігін төмендету мақсатында уәкілетті орган егіс алқаптарының құрылымын әртараптандыру саясатын іске асыруды жалғастыруда. Бұл бидай, күріш және мақта сияқты монодақылдардың үлесін азайтуды және өңірлік ерекшелік пен ішкі сұранысты ескере отырып, жоғары рентабельді баламалы дақылдарды бір мезгілде дамытуды көздейді. «Бәйтерек» холдингі фермерлерге

кредит төлеу мерзімін кейінге шегеріп, кейбір айыппұлдарды есептен шығарады.

– Шаруалар үшін несиелік қолжетімділік – маңызды құрал. Бұл бағытта қандай қиындықтар байқалуда?

– Дұрыс айтасыз. «Аграрлық несие корпорациясы» арқылы қаржыландырылатын несие серіктестіктеріне қатысты талаптардың қатандығы – шаруалардың негізгі мәселелерінің бірі. Түркістан облысындағы бірқатар серіктестік өкілдерінен маған ресми өтініш келіп түсті. Бұл өтініштер негізінде депутаттық сауал жолданды.

Қазіргі таңда несие алу рәсімі күрделі, кепілдікке қойылатын мүлік талаптары, құжат саны, қарау мерзімі – бәрі де шаруаның жұмысын қиындатып отыр. Осыған байланысты мен несие рәсімін жеңілдету, өтінімдерді автоматтандыру және жылдық пайыздық мөлшерлемені төмендету бойынша нақты ұсыныстар жасадым. Бұл – ауыл шаруашылығы кәсіпкерлері үшін үлкен көмек болар еді.

– Бірақ қаржы ұйымдарының да өз шарттары бар екені белгілі...

– Әрине, кез келген қаржыландыру – жауапкершілікпен берілуі тиіс. Қарыздың уақтылы қайтарылуы, мақсатты жұмсалуды – басты талап. Егер бұл талаптар сақталмаса, мемлекет қаржысының қауіпсіздігіне нұқсан келуі мүмкін. Сол себепті, несие алған серіктестіктерге қатысты қаржыландыру мүмкіндігі тек тиісті талаптар орындалған жағдайда ғана қарастырылады.

– Сіз тарихи-мәдени нысандарды қорғау мәселесіне де белсенді араласып келесіз. Бұл бағытта қандай шаралар қолға алынып жатыр?

– Түркістан облысында халқымыздың тарихи жадын сақтайтын бірқатар киелі нысандар бар. Атап айтқанда, Бәйдібек ата, Домалақ ана кесенелері, Ақмешіт үңгірі және Ақбикеш мұнарасы – бұл нысандар тарихи және рухани құндылыққа ие.

Алайда, соңғы жылдары кейбір жеке тұлғалар тарапынан аталған нысандарды жеке меншікке алу әрекеттері байқалды. Облыс әкімдігі тарапынан меншік мәселесін анықтап, бұл нысандарды мемлекет қарауына алу шаралары жүргізілуі тиіс.

Ең алдымен, киелі орындарды жергілікті коммуналдық мекемелерге күтіп-ұстауға беру қажет. Әрине, бұл тарихи нысандардың жыл сайын ағымдағы жөндеуден өтіп, ауласының таза тұруына, көгалдандырылуына үлкен мүмкіндік туғызады. Екіншіден, ҚР «Жер туралы» Кодексі мен ҚР «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңдарына өзгеріс енгізу қажет. Атап айтқанда, тізімге енген тарихи-мәдени мұра объектілері мемлекет иелігіне өтуі тиіс деген нормаларды заңда нақтылап, жерімен бірге толық қабылданатын толықтырулар енгізуді сұраймын. Үшіншіден, туристер мен зияратшылардың есебін жүргізіп, олардан түскен қаржыны арнайы ашылған қорға қабылдау қажет. Әрбір нысаннан түскен қаржы сол жердің қажеттіліктерін өтеуге жұмсалуды тиіс,

Парламент қабырғасында тарихи-мәдени мұраларды қорғауға арналған заң жобасы қаралуда. Бұл құжат қабылданған жағдайда, мәдени мұраларды қорғау, пайдалану және оларды мемлекет қарауына алу тәртібі нақты айқындалады.

– Түркістан мен Кентау арасындағы жол сапасы жөніндегі тұрғындар пікірі ескеріліп жатыр ма?

– Иә, бұл бағыт – облыс үшін маңызды көлік желісі. Қазіргі таңда Түркістан мен Кентау арасындағы жолды 2 жолақтан 4 жолаққа дейін кеңейту жоспары қарастырылып жатыр. Қазір осы бағыттағы көлік ағыны есептеліп, жолды кеңейтудің қаншалықты қажет және тиімді екені анықталуда. Жоба жүзеге асса, шығынның бір бөлігін республикалық бюджет өтейді.

Айта кету керек, жыл басынан бері бұл тар жолда бірнеше жол апаты болып, адам шығыны болған еді. Жолдың кеңейтілуі көлік қозғалысын жеңілдетіп, қауіпсіздікті арттыруға көмектесетін болады.

Сондай-ақ, «Кентау – Созақ» теміржол желісіне қатысты сұраныс та бар. Бұл жоба әзірге Үкіметтің

басым бағыттар тізіміне енбегенімен, алдағы уақытта қаралатын болады.

– Биыл Парламент қандай маңызды заң жобаларын қабылдады?

– Мәжілісте биыл бірқатар өзекті мәселелерді қамтыған заң жобалары қаралып, қабылданды. Атап айтсақ:

- Резервтегі әскери қызмет;
- Қылмыстық заңнаманы оңтайландыру;
- Тұтынушылардың құқықтарын қорғау;
- Су қорын пайдалану және қорғау;
- Жасанды интеллект мәселелері;
- Жануарларға жауапкершілікпен қарау;
- Жер қойнауын пайдалану және көмірсутек

саласын жетілдіру.

Бұл заң жобалары қоғамда жиі көтеріліп жүрген, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған мәселелерді шешуді көздейді.

– Сіз бір сөзіңізде министрлер ауыл-аймаққа шығып, елмен бетпе-бет кездесуі қажет деген ұсыныс айттыңыз. Бұл бастама қаншалықты маңызды?

– Билік өкілдерінің тек кабинетте отырып шешім қабылдауы жеткіліксіз. Әр өңірдің өз ерекшелігі бар. Оны білу үшін ел арасына шығып, халықпен бетпе-бет кездесіп, мәселелерін тыңдаған дұрыс. Бұл – сенім қалыптастырудың да, шынайы жағдайды бағалаудың да жолы.

Мұндай тәсіл – билік пен халық арасындағы байланысты күшейтеді. Мемлекеттік саясаттың пәрменділігі артып, халық үніне құлақ асатын мемлекет қағидаты жүзеге асады.



– Сайлаушылармен, халықпен байланысты қалай жүргізіп келесіз? Тікелей кездесулер өткізіп тұрасыз ба?

– Әрине, бұл – депутат ретіндегі қызметімнің маңызды бөлігі. Халықпен кездесу – тек есеп беру емес, ең алдымен елдің шынайы жағдайымен танысып, ұсыныс-пікірлерін тыңдау. Әр өңірдің өзіне тән ерекшелігі мен шешімін күткен мәселелері бар. Жергілікті тұрғындардың ойы мен өтініш-тілегі – мен үшін бағдар.

Мысалы, жыл басынан бері Түркістан облысының бірқатар аудандарында болып, жергілікті халықпен кездесулер өткіздім. Бұл кездесулер барысында әлеуметтік мәселелерден бастап, ауыл шаруашылығы, инфрақұрылым, мәдениет, денсаулық сақтау салаларындағы түйткілдер көтеріледі. Айтылған ұсыныстар мен сауалдардың дені Мәжіліс қабырғасында ресми түрде тіркеліп, тиісті министрліктерге жолданып отырады.

Осындай кездесулер халықпен кері байланыс орнатуға, мемлекеттік шешімдердің нақты өмірмен байланысын арттыруға мүмкіндік береді. Сондықтан мұндай диалогтар алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғасын табады.

Сонымен қатар, әлеуметтік желілер арқылы да үнемі ашықпын. Азаматтар өз ұсыныс-пікірлерін, сұрақтарын тікелей жолдап отырады. Бұл – халықпен байланыс орнатудың тиімді және жедел тәсілі. Мен үшін кері байланыс – ең маңызды нәрсе. Өйткені нақты ақпарат пен халық үніне құлақ асу – дұрыс шешім қабылдаудың негізі.

Жақында өзім сайланған Түлкібас, Төлеби, Сайрам, Бәйдібек, Созақ аудандары мен Кентау қаласын аралап, халықпен кездесемін.

– Уақытыңызды бөліп, сұхбат бергеніңізге алғыс білдіреміз. Ел игілігі жолындағы еңбегіңізге табыс тілейміз!

Сұхбаттасқан
Қ.ЗАЙНИШЕВ.

● Айтайын дегенім...

Адам баласы ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаудың жоқтығынан азады.

Абай ҚҰНАНБАЕВ.

Өмірде серт пен уәденің құны мемен өлшенеді? Қазақы сыйластыққа жетер мына жалған дүниеде не бар? Бұл сауалдарға әркім әрқалай өз түсінігінше, өмірден көргені мен түйгеніне, біліміне, ой өрісі мен пайымына байланысты жауап береді. Біреу табанының астында не жатқанын көрмесе, енді біреу қарсы алдындағысымен қатар, тым алысты болжай біледі. Болжамы қате кетпейді.

Қасиетті Құран кәрімнің «Тәубе» сүресінде: «Алла келісімді бұзудан сақтанғандарды жақсы көреді», сондай-ақ «Сертке берік болыңдар! Өйткені берілген серттің сұрауы бар», – десе, ал Хадис шарифте: «Сөз беру – қарыз болып саналады. Сөзінде тұрмағандарға өкініштер болсын. Кез келген мәселеде берген сөзінде тұру – жақсы мінез», – дейді.

«Ердің екі сөйлегені өлгені», «Ез күнде өледі, ер бір-ақ рет өледі» деген мақалды әркім білсе керек. Бұл мақалға айналып кеткен сөз тіркесінің иесі ұлы Абайдың әкесі Құнанбай қажы екенін елдің бәрі бірдей біле бермеуі мүмкін.

Классик жазушымыз Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романында Құнанбай жағымды кейіпкер ретінде жақсы қырынан суреттелмейді. Оның себебін көзі қарақты бүкіл оқырман қауым жақсы білсе керек. Егер ұлы жазушы нағыз өмір шындығын көрсетіп, Құнанбайды, оның немересі Шәкәрімді жақсы қырынан бейнелегенде, «Абай жолы» романы бұдан да ғажап көркем туынды болып шығатыны сөзсіз еді. Абай заманындағы Ресейдің отаршылдық езгісіндегі қазақ халқының өміріндегі нағыз ақиқатты жазған жағдайда, бұл туындыны жариялауға кеңестік саясат мүлдем рұқсат етпесі анық болатын. Оны айтасыз байдың, үстем тап өкілдерінің мүддесін қорғады деп айып тағылып, жазушының Алаштың ардақты ұлдарындай, Сәкен, Бейімбет, Ілияс сияқты классик жазушыларымыздай жазаға тартылып кетуі әбден мүмкін болатын.

Көпшілік ортада: «Бұрынғының адамдары сертке, уәдеге берік еді, сыйластығына сызат түсірмейтін, бүгінгілерге құрғақ уәде беру, сөзінен тайып кету, тіпті алаяқтыққа бару түкке де тұрмайды...» дегендей әңгімені құлағымыз жиі шалып қалады. Жазба деректерден Абайдың әкесі Құнанбай жас кезінде жауырыны жер иіскемеген мықты палуан болғаны айтылады.

Ғасырлар бойы қалыптасқан ата дәстүрімізде, тұрмыс-салтымызда мейлі ол ит көйлегін бұрынырақ тоздырған қатарласы болсын, жасы үлкенге саналады. Сондықтан жасы кіші үлкенді міндетті түрде сыйлап, құрмет тұтуы керек. Құнанбай он бес жасынан бастап күреске қатысып, палуандығымен даңқы шығады. Белдескенінің бәрін жығады. Құнанбай он сегіз жасында Көтібақ руынан шыққан әрі туысы, жақыны, жасы үлкен сыйлас ағасы атақты Сеңгірбай палуанмен күш сынасып көргісі келеді. Бірақ, қазақы дәстүр бойынша ағасымен күш сынаспақ былай тұрсын, оның белінен ұстауға болмайды. Оңашада Құнанбай Сеңгірбайға: «Аға, менің сізбен оңашада ешкімге білдірмей күш сынасықым келеді. Жығылсам да, жықсам да ат-шапан айып менен. Бұл сыр екеуіміздің арамызда құпия болып қалады», – дейді. Сонымен екеуі бір-бірімен келісіп, тірі пендеге білдірмей, Шыңғыстаудың Жарқынбек деген биігінде оңаша жолығып белдеседі. Бірақ екі палуанның қайсысы жыққаны белгісіз. Құнанбай Сеңгірбайға өзі уәде еткендей, ат пен шапанын тарту етеді. Кейіннен жылдар артта қалып Сеңгірбай қайтыс болғаннан

кейін осы сыбыстың ұзынқұлақтан естігендердің бірі:

– Құнеке, біз сіздің Сеңгірбай палуанмен оңашада ешкімге білдірмей күрескеніңізді естігенбіз. Одан бері талай жыл өтті, сол күресте қайсыңыз жыққан едіңіз? – дейді. Сонда Құнанбай:

– «Уәде құдай сөзі», «Ер екі сөйле-

Серт пен уәде немесе сыйластық туралы



мейді». Секең өлді екен деп шындықты айтсам, сонда менің кім болғаным!? Бұл құпияны білемін деп әуре болмаңдар, өле-өлгенше іште кетеді, – деп айтқан көрінеді. Міне, сертке, уәдеге беріктік деген осындай болады.

Ұлы ойшыл ақын Абай Құнанбаев қазіргі Абай облысының Жидебай ауылында 1845 жылы дүниеге келген, ал ұлы ойшыл, фольклортанушы, этнограф Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1858 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауылында туылған. Екеуінің 13 жас айырмашылығы бар. Бүгінге дейін зерттеуші ғалымдар арасында қазақтың екі дана ұлы бір-бірімен кездескен бе, әлде жоқа па, дегендей талас пікірлер толастамай келеді. Екі дара тұлғаның бір заманда өмір сүріп, кездеспеуі өсте мүмкін емес дегендей пікір білдірушілер көп.

Абай мен Мәшһүр Жүсіп жөнінде мәлімет әдебиет зерттеушісі әрі ғалым Ақселеу Сейдімбековтің ел аузынан жинаған әңгімелерінде ұшырасады:

«Абай мен Мәшһүр Жүсіп екеуі бір-бірінің аты-жөндеріне сырттай қанық болса да, әлі дидарласа қоймаған кезі болса керек. Бірде тобықты еліне жолы түскен Мәшһүр Жүсіп арнайы сәлем беру үшін Абай ақынның үйіне келеді. Табалдырықтан аттай бергенде Абай тосын сауал қойып: «Ақылдың өзінен бұрын айтқаны жетеді деген. Атың құлағымды сарылтып еді, шынымен Мәшһүр болсаң, айтшы көне: Құдай қайда? Жұмақ пен тозақ қайда?!», – депті.

Сонда Мәшһүр Жүсіп кідірместен:

– Абайдың құдайы қайда екенін білмедім. Менің құдайым жүрегімде. Ал, жұмақ пен тозақ әркімнің өз үйінде, қатыны ақылды болса – жұмақ, ақымақ болса – тозақ! – деген екен.

Абай есті сөзді естігенде, риза болған шыраймен:

– Мәшһүр десе, дегендей екенсің! – деп, қолын алып, төрін ұсыныпты.

Көптеген жазба деректерде қазақтың дана ұлдары Төле би мен Қаз дауысты Қазыбек бидің арасындағы ұлы достық пен сыйластық жөнінде тамсана айтар әңгіме аз емес.

Палуандығымен бүкіл әлемге даңқы шыққан Қажымұқанның Көкшетау жаққа жолы түседі. Оның елге келгенін естіген Балуан Шолақ, жасымның үлкендігі, ағалығым бар, маған келіп, сәлемін беріп, дастарқанымнан дәм татып кетер деп жігіттерін шақырып, дайындық жасатады. Бірақ сол маңдағы қазақтың қалталы байларының бірі Қажымұқанды алдынан шығып құрметпен қарсы алып, қолқалап, қоярда қоймай күймесіне мінгізіп, өз ауылына алып кетеді. Мұны сырттай естіген Балуан Шолақ іштей қапа болады. Шыдамын тауысып атына мініп, әлгі байдың ауылына барып, палуанды күткен үйге кіріп барса, Қажымұқан терде шалқасынан дем алып жатыр екен.

Балуан шолақ ішке кірісімен:

– Малдың қарны жуаны соғым болады, жігіттің қарны жуаны боғым болады». Мына қарны қампыйып жатқан кім өзі? Палуан, сенсің бе? Палуан болсаң шық, көне, белдесіп көрейік! – деп қолындағы шылбырын Қажымұқанның аяғына орап есікке қарай дырылдата сүйрей жөнеледі.

Қапелімде мұндай алып күшті күтпеген Қажымұқан жатқан жерінен атып тұрып Балуан Шолаққа қарай ұмтылады да, бірақ тез арада ес жияды. Бұрын-соңды бір рет көрмесе де, өзін іздеп келіп тұрған Балуан Шолақтың нақ өзі екендігін бірден түсіне қояды.

– Аға, кешіріңіз, алдыңызға алдымен өзім барып сәлем бермеген айып менен, сіздің бөліңізден ұстай алмаймын, жеңіс сіздікі – деп кешірім сұрайды. Қазақтың екі алып ұлы бір-бірін бірден түсініседі. Балуан Шолақ Қажымұқанды ауылына ертіп барып бірнеше күн бойы қонақ етеді. Міне, бұл да бір қазақы сыйластықтың жарқын көрінісі болады.

«Біз серт пен уәденің, сыйластықтың құнын жоғалтып бара жатқандаймыз» деп жиі айтып та жүрміз. Арамызда сыйластықтың құнын қалтаңның қалыңдығына, қызметіңнің үлкен-кішісіне қарап өлшейтіндер көбейіп кеткендей. Күні кеше ғана «ізетпен» сәлем беріп, жалпандап жаныңнан қалмай жүргендер, қандай да бір жағдаймен қалтаңның түбі көрініп қалса немесе қызметіңнен түсіп қалсаң, көшеде қарама-қарсы жолығып қалсаң да сәлемдесуге де жарамай, бұрылып та қарамай, бұрын көрмеген бейтаныс жандай жаныңнан басын төмен салып өте шығады. Енді буреулер қатардағы қарапайым мамандардың бірі болып жүргенде, сізбен «сіз» деп ілтипатпен сызылып сәлемдесе, кенеттен бағы жанып қызметі өсіп кетсе, сәлемдесу былай тұрсын, саған шөнііп, шөкесінен қарап: «Мен саған сәлем беретін сонша кім едің, менімен дәрежең тең бе еді?» дегендей сыңай танытып тұрады. Бұл да күні кешегі және бүгінгі өмірдің қаз-қалпындағы тайға таңба басқандай анық көрінісі.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, бүгінгі өмірдің шындығына келсек, біздің көпшілігіміз серт пен уәденің құнын мүлдем жоғалтып алғандаймыз. Сөтінен, уәдесінен тайған адамның бәрі адамгершілік қасиетін жоғалтып, сеніміне селкеу түсіріп, иманын жоғалтады. Серт тұрмаған жерде, сенім де болмайды. Сенім жоқ жерде уәде де болмайды. Адамдар бір-біріне деген сенімін жоғалтқан жерде құрметті де, сыйластықтың нышанын да ұшыратпайсыз. Құрмет пен сыйластық жоқ жерде береке-бірлік, ынтымақ, бірінің сөзін бірі қолтау қайдан болсын! Біз осындай ізгі қасиеттеріміздің бәрін жоғалтып, қазіргі кездері құрметті қолдан жасауға көше бастадық. Абайша айтсақ, «Өзің құрметтемеген нәрсеге, бөтеннен қайтіп құрмет күтесің?» (32-ші қара сөз). «Өзіңді өзің сыйласаң, жат жанынан түңілмей ме?». Сені өзгелер сыйлай ма, әлде жоқ па, онымен де шаруамыз болмай, құрмет пен атақтың өзін қолдан жасайтын, сатып ала салатын жағдайға дейін жеттік. Бірде қолдан жасалған орден мен медаль сатып алған замандастарымыздың бірінен:

– Мұның саған не қажеті бар еді? – деп сұрағанымда:

– Үйде сандыққа салып сақтап қоямын. Кейін немерелерім, шөберелерім осы орден мен медальды көріп, атам кезінде осындай құрметті иеленген адам болған екен деп мақтанып айтып жүреді. Сол үшін сатып алдым, – деп айтқаны бар.

Осы мәселеге қатысты өзімізше ойланып көрейік, көпшілік сыйлай қоймайтын құрметсіз адам болсақ та, осындай атақты сатып ала салсақ, құрметке лайықты адам болып кетеміз бе? Болашақта әлгі замандасымыздың немерелері мен шөберелері атасы бұл атақтың бәрін сатып алғаны туралы нағыз шындықты білсе, қандай ойда

болады? Әлде оның болашақ ұрпақтары да атасы сияқты адал еңбек етіп, табысқа, жетістікке жетіп, халықтың құрметіне бөленудің орнына, сол атақ пен құрметті, абыройды сатып ала салғанды жөн көреді ме?

Серт пен уәде демекші, депутат немесе әкім болғысы келетін азаматтар өзінің сайлауалды бағдарламасында шама-сы келе ме, әлде келмей ме уәдесін үйіп-төгіп беретінін көріп

жүрсіздер. Халық сол үміткердің біріне ғана өз таңдауын жасайды. Бірақ сол көп дауыс жинап, жолы болған үміткер берген уәдесінде тұрып, ел сенімін ақтап жүр ме, әлде есегі судан өткен соң берген уәдесі мен сертінен тайып, күні кеше ғана берген уәдесінің бәрін ұмытып кетті ме? Міне, бар мәселе осында.

Кейде бүгінгі өмір ағымына зер салып қарасаңыз, ант, уәде, серт бергіштерден, уәдесінен таятындардың көптігінен басың айналып кеткендей көрінеді. Ант, уәде, міндет дегеніңіз де құнсызданып бара жатқандай. Қазіргі өмірімізден бірер мысал ғана келтіріп көрелік: Жұмыс берушілер жұмысшыларға келісілген жалақысын бермей сергелденге салса, жарнамасын жарқылдатып баспана салып беремін деп алып салымшыларын сандалтып соттың табалдырығын тоздыртып жүргендерге не дейсіз?!

Біздің жыл санауымыздан бұрынғы заманда ғұмыр кешкен қытайдың ғұламасы Конфуцийден:

– Мемлекетті басқару үшін не керек? – деп сұрағанда, ол:

– Қару-жарақ, азық-түлік, сенім керек, – депті. Содан соң:

– Осы үшеуінің бірін құрбандыққа шалуға бола ма? – дегенде:

– Сенім жоқ жерде, ештеңе де болмайды, – депті. Ғұламаға тағы да:

– Жаман адам мен жақсы адамның айырмашылығы қандай? – деп сұрақ қойғанда:

– Жаман адам мен жақсы адамның айырмашылығы – жаман адам уәдені үйіп-төгіп береді, бірақ орындамайды, – депті.

Адамзат баласының ұғымында: «Ар. Ұят. Намыс» деген сөздер бар. Бойында, ойында осы үш қасиет жоқ пенделерде ант та, уәде де, серт те, сыйластық та болмайды.

Пайғамбарымыздың (с.а.у) Мүбәрак хадисінде: «Маған алты нәрсеге кепілдік берсеңдер, мен сендердің жәннатқа кіретіндеріңе кепілдік беремін: Сөздеріңе берік болыңдар, уәделеріңде тұрыңдар, аманатты қайтарыңдар, ұятты жерлеріңді сақтаңдар, көздеріңді төмен салыңдар, қолдарыңа ие болыңдар», – дейді.

Серт пен уәде, сыйластық туралы сөз еткенде, ислам іліміне қатысты әңгіме қозғауымыздың өзіндік себебі бар. Біздің ата-бабаларымыз ислам дінін қабылдамаған тым ерте замандардың өзінде антқа адал, серт пен уәдеге берік болған, бір-біріне деген ақ ұлпадай сыйластығына дақ түсірмеген.

Заманында Бұқар жырау бабамыз: Жаманмен жолдас болсаңыз, Көрінгенге күлкі етер. Жақсымен жолдас болсаңыз, Айрылмасқа серт етер, – деп жырлапты.

Қожа Ахмет Ясауидың «Хикметтері», Абайдың «Қара сөздері», Шәкәрімнің «Сыр сөздері» дүниеде теңдесі жоқ рухани қазыналарымыз болып табылады.

Қожа Ахмет Ясауи хикметінде: Айтылған сөз, уәденің байламы жоқ, Өтірікке шындықтың қайраны жоқ. Шындық айттым осылай шырқыраған, Құл Қожа Ахмет сөзінің жалғаны жоқ, – дейді.

...Антқа адалдық, уәде мен сертке беріктік, бір-бірімізге деген сыйластық бойымыздағы ең ізгі қасиеттер болып табылады.

Адам деген пенде екен, Жоқ боп кету демде екен.

Бұл өмірдің қызығы,

Сіз, біз дескен жерде екен, – депті бұрынғылар. Мына бір кем дүниеде сіз-біз болып сыйласып., сертке, уәдеге берік, антқа адал болып жүргенімізге не жетсін, шіркін!

О.СҮТТІБАЕВ.

Кеше Төлеби ауданы әкімдігі мен аудандық полиция бөлімінің ұйымдастыруымен Ленгір қаласындағы Тәуелсіздік саябағында 23 маусым – Қазақстан полициясы күніне арналған мерекелік жиын өтті.

Салтанатты шараға қатысқан аудан әкімі Еркеғали Әлімқұлов полиция қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтап, қоғамдық тәртіпті бақылап, азаматтардың құқықтарын қорғап, халықтың сенімін ақтап жүрген бірқатар азаматтарға Түркістан облыстық полиция департаменті мен аудандық әкімдіктің Алғыс хаттарын табыс етті.

– Полиция – бұл мемлекеттің негізі,

Полиция қызметкерлеріне құрмет көрсетілді

адал еңбектеріңіз, қайсарлықтарыңыз бен табандылықтарыңыз үшін зор алғыс білдіреміз. Борыштарыңызды адал атқаруларыңыздың нәтижесінде Қазақстан азаматтары бейбіт өмір сүріп, өз болашағына сеніммен қарайды. Жаңа белестер мен жетістіктерге жете беріңіздер! – деді құттықтау сөзінде аудан әкімі Еркеғали Амантайұлы. – Аудандық

Алғабас, Зағамбар, Тағайна ауылдары тұрғындарының қолдауымен өткен «Келешегі кемел үш ауыл» атты акция облыс полицейлерінің тарапынан да түсіністік, қолдау тапты. Басқосудың басты мақсаты қоғамдық тәртіпті нығайту арқылы ішімдік атаулыдан, ұрлық-қарлық, зорлық-зомбылық және бұзақылық сияқты жат әрекеттерден мүлдем арылуға бел буып, бір тоқтамға келген телебиліктердің бұл бастамасы шын мәнінде үлкен маңызға ие.

Мерекелік жиында Төлеби аудандық полиция бөлімінің бастығы Ғалымжан Қуашбаев қазір тыныштық күзетінде тұрған, қызметін адал атқарып жүрген қызметкерлердің үлкен тобына еңбегі үшін рақметін айтып, облыстық полиция департаментінің бастығы, генерал-майор М.Қабденовтің және өзінің Алғыс хаттарын табыстады. Ол сондай-ақ аудандық ішкі істер бөлімінде ұзақ жылдар қызметте болып, құрметті еңбек демалысына шыққан барлық ардагерлердің атын атап, төрге шығарды. Өздерінің білімі мен білігін жас мамандарға сіңіре білгені үшін оларға



халықтың тыныштығы мен қауіпсіздігінің басты тірегі. Қоғамда тәртіп пен заң үстемдік құрса ғана ел дамиды, мемлекет нығаяды. Бұл жолда сіздердің еңбектеріңіз ерекше. Сіздерге ел алдындағы

ішкі істер бөлімінің жаңа басшысы тәртіп сақшыларының қызметіне бірқатар жаңалықтар енгізіп үлгерді. Оның басшылығымен көпшілікке ой салар, тағылымды іс-шаралар өткізіле бастады. Жуырда ғана Бірінші Мамыр ауылдық округіндегі



облыстық және аудандық полиция басшыларының атынан Алғыс хат берді.

Төлеби аудандық мәслихатының депутаты Ерболат Жабаев, «AMANAT» партиясы Төлеби аудандық филиалының атқарушы хатшысы Шырынбек Оңғаров заң талаптарын қатаң сақтап, әділдікті ту етіп, қоғамда тәртіпті нығайтуға қосқан үлесі үшін сала қызметкерлерін марапаттады.

Төлеби аудандық полициясының абыройын арттырып, мәртебесін биіктетуге арналған басқосу мерекелік концертпен жалғасын тапты. Елімізге танымал әнші Еркін Нұржанов, әзіл-сықақ және сатира актрисасы Мөлдір Мұратбекова, Динара Жұмабекова, «La Festa» триосы, Елжас Төре және басқалар өнер көрсетті.

«Төлеби-ақпарат».

Оқу-сауықтыру орталығы ашылды



Өткен аптада Тасарық ауылдық округінде орналасқан «Алатау» оқу-сауықтыру орталығының ашылу салтанаты өтті. Бұл нысан бұрын әлеуметтік қорғау жүйесіне қарасты болған, қазіргі таңда Түркістан облыстық білім басқармасының теңгеріміне өткізіліп, толықтай жаңартылды.

Жыл бойы жұмыс істейтін лагерьдің негізгі артықшылықтары: орталық 300 балаға арналған және жыл он екі ай үздіксіз жұмыс істейді; жыл сайын 5 мыңға жуық оқушы демалып, қосымша білім алу мүмкіндігіне ие болады; ағымдағы жөндеу жүргізіліп, 270 шаршы метрлік заманауи бассейн салынды; асхана, акт залы, спорт залы, жазғы концерт алаңы және басқа да инфрақұрылым толық жаңартылды.

Оқу-сауықтыру орталығының ашылу салтанатына Түркістан облысы әкімінің орынбасары Бейсенбай Тәжібаев, облыстық мәслихаттың депутаты Ғалымжан Елшібай, Төлеби ауданының әкімі Еркеғали Әлімқұлов, білім саласының ардагері Ардақ Мәдіханқызы, ұстаз, тарихшы, қоғам белсендісі Әмір Шыныбекұлы қатысып, алғашқы демалушыларға сәттілік тіледі.

– Балалардың жазғы сауықтыру демалысы қызықты әрі қауіпсіз өтуі – басты назарымызда. Бұл лагерь 300 орынға

налдырды. Ағымдағы жөндеу жүргізілді. Жаңа 270 шаршы метрлік бассейн салынды. Лагерь аумағында асхана, акт және спорт залы, жазғы концерт алаңшасы бар. Материалдық-техникалық базасы түгел жаңартылды. Енді жаз мезгілінен бөлек, өңірдегі үздік оқушылар, спорт пен өнерде облыстың намысын қорғап жүрген балалар жылдың басқа мезгілдерінде де кезең-кезеңімен осында демалуға мүмкіндік алады, – деді облыс әкімінің орынбасары Бейсенбай Дәулетұлы.

Сонымен қатар Біркөліктегі «Тау барысы» жазғы сауықтыру лагері де пайдалануға берілді.

Бұл нысан 9 модульді корпусдан тұрады және 180 балаға арналған.

Лагерьдің ерекшеліктері: жаз мезгілінде жұмыс істейді; әр 20 балаға бір жауапты жетекші қарастырылған; заманауи талаптарға сай толық жабдықталған; балалар ұлттық, спорттық, экологиялық, туристік, шығармашылық бағыттарда жан-жақты дамиды; түрлі мәдени-рухани іс-шаралар мен танымдық экспедициялар өткізіледі.

Бұл жобалар Түркістан облысындағы балалардың қауіпсіз, мазмұнды және пайдалы демалысын қамтамасыз етуге бағытталған.

«Төлеби-ақпарат».

Жарамсыз деп табылсын

Шалхаров Галим Ақыловичке 2006 жылғы 5 шілдедегі ҚР Түркістан облысы Жол полициясы берген ХХ сериялы №012348 жүргізуші куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Аппазова Зубайра Сағымбековнаның меншігіндегі «Subaru Forester» маркалы автокөліктің 506АНФ17 мемлекеттік тіркеу номері (артқы) жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Манап Жасұлан Маузерұлына 2022 жылғы 28 маусымда ҚР Ішкі істер министрлігі берген №05181527 жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Төлеуов Бағлан Нұрмаханұлының «BA3 21060» маркалы, мемлекеттік тіркеу номері 492AGZ13 автокөліктің техникалық төлқұжаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Бірінші Мамыр жалпы білім беретін мектебінің ұжымы осы мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Мырзақұлова Айгүлге енесі

МЫРЗАҚҰЛ КЕЛІНІ Ардақ апаның қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, қайғысына ортақтасады.



Біздің мекенжайымыз: 161101, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Ленгір қаласы, Төле би көшесі, 111 “Б” үй.

Меншік иесі: «Төлеби туы kz» қоғамдық-саяси газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ЖШС ДИРЕКТОРЫ –
БАС РЕДАКТОР
РАХМАНҚҰЛОВ
Әбдімәлік
Түймебекұлы**
8-701-408-72-32

Бас редактордың орынбасары
Орынбасар СҮТТІБАЕВ (экономика және руханият)
8-706-413-11-56.
Бөлім меңгерушісі Ақжан ИМАНАЛИЕВА
(әлеумет, бұқарамен байланыс)
6-23-23, 8-702-494-81-71
Бас есепші Жанар ЕРЕЖЕПОВА
8-705-887-51-61.
Дизайнер Нұргүл МАМЫТХАНОВА
8-705-897-01-02 (жарнама)

Газеттің осы нөміріне жауапты кезекші
Ақжан ИМАНАЛИЕВА.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «АР-принт-1» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Баспахананың мекенжайы:
Шымкент қаласы,
Төшенев көшесі, №24 үй.
Газетке жазылу индексі 66744
Таралымы 3074 дана. Тапсырыс №

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Редакция материалдардағы фактілердің дұрыстығына автор жауапты екендігін ескертеді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұны үшін редакция жауап бермейді.

«Төлеби туы» газеті Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2013 жылғы 20 маусымда тіркеліп, №13693-Г куәлігі берілген.